



Кіші жас тобы

Сенсорика: Пойызбен саяхат

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды заттардың түсі мен көлемі және пішіні бойынша салыстыру, ажырата білу іскерлігіне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеттері мен сапалары туралы білімдерін әртүрлі жаттығуларды қолдану арқылы жетілдіру; түстері біркелкі, ұқсастығы шамалы бірыңғай пішіндердің сәйкестігін байқауға дағдыландыру; геометриялық пішіндердің жасына сай аталуын білу дағдыларын қалыптастыру; балалардың байқағыштығы мен зеректігін дамыту; балалардың көктемгі ағаштардың отырғызылу және бүршік жару ерекшеліктеріне қызығушылықтарын ояту; жолдастық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

Бала тілін "төртбұрыш", "ашық", "қою", "менде бар", "үшбұрыш", "шаршы", "бір", "көп", "бұраштар", "ұзын", "қысқа". сөздері мен тіркестерді пайдалану арқылы жетілдіру.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Сурет (мазмұнды) көрсету, көркем сөз, іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, зейінді жаттықтыру, шығармашылық рефлексия.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Пішіндер | Bilimland Kids |" бейнеролигінен тек тіктөртбұрышқа қатысты үзінді; көрсеткіш; тіктөртбұрыш үлгісі; қабырғалары бір-біріне тиіп тұрған төрт үшбұрыштың тіктөртбұрышта жиналған үлгісі; тіктөртбұрыш үлгісі; тақта немесе геометриялық пішіндерді салыстыруға арналған слайд; ырғақты, орташа темптегі көңілді әуен жазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үшбұрыштар мен домалақтар жиынтықтары ("билеттер").

Кез келген түстің градиентінен құрылған төрт карточкалар топтамалары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. "Пішіндер | Bilimland Kids |" бейнеролигін көрсету.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

Тек тіктөртбұрышқа қатысты үзінді.

Пішіні тіктөртбұрышқа ұқсайтын заттардың суретін көрсету.

1.2. Кіріспе әңгіме.

- Балалар, қандай заттарды көріп тұрғандарыңды атайықшы. Осы заттардың ішінде сиқырлы пішін тығылып отыр. Танысайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Тіктөртбұрыштың әңгімесі".



Балаларға қабырғалары бір-біріне тиіп тұрған екі шаршы ұсынылады.

- Балалар, қандай пішіндерді көріп отырсыңдар? Иә, шаршы. Бір шаршы ма?

Жоқ, екі шаршы. Жарайсыңдар!

Балаларға қабырғалары бір-біріне тиіп тұрған төрт үшбұрыш ұсынылады.

- Балалар, қандай пішіндерді көріп отырсыңдар? Иә, үшбұрыш. Бір үшбұрыш па?

Жоқ, көп үшбұрыш. Жарайсыңдар!

- Балалар, мына пішіндерді алып тастайын. Қараңдар, олардың іздері қалыпты.

Тіктөртбұрышты көрсету.

- Мынау тіктөртбұрыш. Оның екі ұзын және екі қысқа қабырғасы бар (көрсеткіш таяқшамен көрсету).

- Тіктөртбұрышта төрт бұрыш бар. Бір, екі, үш, төрт. Жарайсыңдар!

2.2. "Билетіңді көрсет" қозғалыс ойыны.



Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз



- Балалар, бүгін біз саяхатқа шығамыз. Егер мен үшбұрышты көрсетсем, сендер оған сәйкес табақтағы геометриялық пішіндердің бірін алып келесіңдер. Бұл ұшақпен ұшу билеттерің болады. "Сен не әкелдің?" деп сұрап отыру қажет. Жарайсыңдар. Отырайық ұшаққа, моторды айналдырайық, қанаттарымызды жайып, ұштық (кілем алаңымен жүгірту). Қонамыз алаңға! Келдік. Енді домалақ билеттерді әкеліп, маған тапсырыңдар. Енді біз кемеде теңіз толқынымен жарыса жүземіз (Балалар екі алақанды қосып, толқындар тәрізді қимылдар жасап, алаңда жүгіреді). Жарайсыңдар.


"Ұшақпен ұшқанда" басқа, "кемемен жүзгенде" басқа әуенді қосып отыру керек.


- Балалар, сендер пойызбен сапар шегіп көріп пе едіңдер? Иә.

- Қандай қалаға бардыңдар, пойызбен? Балалар ата-аналарымен барған қалаларын атайды.

- Олай болса, балалар, бүгін оқу қызметінде біз де қиялымызда пойызбен сапар шегейік! Пойыз қалай дыбыстайды? "Пу-пу-пу".

2.3. "Өз пойызыңды құра" жаттығуы.





Ырғақты, орташа темптегі көңілді әуен жазбасы ойнатылады.

Әрбір баланың алдына бір түстің бірнеше реңіне боялған тіктөртбұрышты карталар ұсынылылады.

Баланың әрқайсысы бес карта қолданып, бояудың ең қоюынан бастап, ең ашық реңіне дейін "пойыз" құрайды. Мысалы, қою жасылдан бастап, ашық жасыл түске дейін.

- Балалар, мына бояуларды ең қоюынан бастап, кезегімен ашығына дейін қойып шығайық: қою, ашықтау, одан да ашықтау, ең ашық түс. Салып көрейік.

- Жарайсыңдар!

Үстелдер қатарын аралап, әр баламен жеке жұмыс жасап жүруге болады.

2.4. «Кім екен?» ойын-жаттығуы.

- Балалар, егер мен айтқан сөзбен келіссеңдер, "мен" деп қол шапалақтайсыңдар.

- Кім далаға шығады?

- Кім көжені тауысады?

- Кім бауырсақ жейді?

- Кім тақпақ айтады?

- Кім ойыншықпен ойнайды?

- Кім қонақта шулайды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың білімдерін пысықтау үшін сұрақтар қояды:

- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай түстермен таныстық?

- Ашық, қою түстермен.

- Олардың түстері қандай екен?

- Сары, қызыл, жасыл, көк, ақ.

- Жарайсыңдар, балалар!

- Балалар, ашық түстер қандай?

- Сары, ақ.

- Ал, қою түстер қандай?

- Қызыл, жасыл, көк. Жарайсыңдар, балалар!

- Керемет, балалар, бүгін оқу қызметінде тамаша белсенді болдыңдар, рақмет!

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

